

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
«Алтын сақа» бөбекжай балабақшасы

Ұстаздарға мың алғыс



Тәрбиешілер: Сейдуалиева Г.
Искакова Б

Ұстаздарға мың алғыс

Мақсаты:

1. 1 Ұстаздар күніне арнаған мерекені насихаттау
1. 2 Өз ойларын жеткізе білуге баулу, таппақ, өлеңдерді мәнерлеп оқыту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Көрнекілік: шарлар, жалаушалар, суреттер.

«Мектеп - білім тірегі, ұстаз - оның жүрегі»

Алдын ала орындалатын жұмыс: Ашық хаттар дайындау.

Әнұран ойнатылады.

Жылулық шеңбері:

Балалар шеңберге тұрып
Қайырлы таң алтын күн,

Қайырлы таң жер ана
Қайырлы таң достарым,

Сендерді көрсем қуанам!
Қуанамын менде, қуанасың сенде,
Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге.
Бүгінгі күніміз сәтті өтсін! - деп
жылулық шеңберін жасайды.
Топтан ортаға жарып шығып

Рауан: Кел, балалар,
Ән салайық
Ұлағатты Ұстаздар күнін
Қуанышпан қарсы алайық

Айзере: Балалардың бақшасында бүгін той,
Ұстаздардың күні бүгін біліп қой.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар балалар, міне бүгін «Айгөлек» ортаңғы
тобында Ұстаздар күніне арнаған құттықтау кешімізді бастайық. Ұстаздарға
топ мерекелеріңіз құтты болсын, көңілдеріңіз ашық аспан сияқты таза
болсын. Бүгінгі ел басқарған азаматтар, білім алған сіздердің арқаңызда.

Адина: Такпақ айтып, кезектесіп, бір бірлеп
Кел қосылып ән шырқайық би билеп

Ердәулет: Қашанда елгезек,
Ұстаздар сияқты.
Өсемін мен де өжет
Бала боп ұятты.

Раяна: Болды кезім мақтаған
Болды кезім ұқпаған
Болды кезім ұстаздың
Ойынан дәл шықпаған.

Тәрбиеші: балалар өнерлеріне тәптіміз. Осы ұстаз деген - кімдерге сабақ берген. Әншіге де, жыршыға да, жүгізушіге де, президентке де, бишіге де сабақ берген. Әрбір маман иесі осы Ұлы ұстаздың алдынан өткен. Қане тағы қандай өнерлерің бар.

Анелъя: Ұстаздардың анасы
Балалардың панасы
Ұстаздарды сүйеміз
Әдеппен бас неміз.

Айсана: балалар апайымыз бізге не үйретті айтып берейік.

Хормен: Бала бала баламыз
Бақшамызға барамыз
Күні бойы қызыққа
Батамызда қаламыз.

Санамақ
Кел санайық санамақ,
Саусақтарды даярлап.
Бас бармағым алғашқы,
Балан үйрек жалғасы.
Ортан терек кезекші,
Шылдыр шүмек көмекші.
Шынашағам балапан,
Бәріне ортақ алақан

Айзере: Халқым жетсін мұратқа,
Ұстаздарды ардақта
Тәрбие жолын бастағын,
Ұстаз деген асқақ ән.

Бағлан: Адал жақсы ниетпен
Бар ұстазға бақ тілеп
Жарып шыққан жүректі
Сөздің бәрі ақ тілек.
Білімнің бұлағы

Ардақты мұғалім,
Білімнің – бұлағым.
Таусылмас сен жайлы,
Таскынды жыр әнім.

Қанатым талмайды,
Қиялым самғайды.
Акын да, ғалым да,
Ұстазсыз болмайды.

Мереке күнінмен,
Құттықтап бүгін мен.
Ойыма ой қосам,
Сен берген біліммен.

Кортынды:
Балалар бүгінгі күн – қандай мереке екен?
Ұстаздар кімге сабақ берген?

Тәрбиеші:

Балдырғанның көріп шаттық жүзінен.
Мейіріммен шапағым боп тізілген
Кеше ғана менде шәкірт болып ем,
Келем бүгін ұстаздардың ізімен